

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 45/278 "2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 56/362 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 желтоқсанда № 6745 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 2-7-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 45/278 шешіміне (2020 жылдың 24 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5973 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 45 928,3 мың теңге:

салықтық түсімдер 3 209 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;

трансферттер түсімі 42 719,3 мың теңге;

2) шығындар 45 928,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) 0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 0 мың теңге:
қарыздар түсімі 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу 0 мың теңге:
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 0 мың теңге.";
4-2 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"4-2. 2020 жылға арналған Петровка ауылдық округінің бюджетінде облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің көлемдері қарастырылсын, соның ішінде:

Петровка ауылындағы стадионның ағымдағы жөндеуіне;

Петровка ауылдық округінің Мәдениет ауылындағы көше жарығының электрмен жабдықтауына;

Петровка ауылдық округінің Бірлік ауылындағы жарықтандыру желілерінің ағымдағы жөндеуіне.

Облыстық бюджеттің аталған нысаналы ағымдағы трансферттерін бөлу "2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданының мәслихаты
сессиясының төрағасы*

К.Абулгазин

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы*

А.Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2020 жылғы 30 қарашасы
№ 56/362 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 45/278 шешіміне
1 - қосымша

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің бюджеті

--	--	--	--	--

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	2020 жыл сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	45 928,3
1			Салықтық түсімдер	3 209
	01		Табыс салығы	452
		2	Жеке табыс салығы	452
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 757
		1	Мүлікке салынатын салықтар	42
		3	Жер салығы	484
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 231
4			Трансферттердің түсімдері	42 719,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	42 719,3
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	42 719,3
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	2020 жыл сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	45 928,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	42 223
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	42 223
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	42 223
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	3 705,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 705,3
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 375,3
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	80
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	2020 жыл сомасы (мың теңге)
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
7			Қарыздар түсімдері	0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	2020 жыл сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК